

Мәртөк аудандық білім бөлімі  
МКҚК №12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

«Келісілді» .

Мәртөк аудандық білім  
бөлімінің басшысы

Ашимов Н.Т « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

«Бекітілді»

№12 «Бәйтерек» МДҰ  
менгерушісі: Хасанова Ш

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_



Бағдарлама

**«Ертегілер әлемінде»**

(Ересек тобы)

2021-2022 оқу жылы


Құрастырған: Баракова Ж.Б. Хасанова Ш.М. Иулдашева А.Ф.

№12 «Бәйтерек» мектепке дейінгі ұйымының педагогика кеңесі отырысында «Ертегілер әлемінде» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама №

« » тамыз 2021 жыл

№12 «Бәйтерек» МДҰ меңгерушісі

  
(қолы)

Хасанова Ш.М.

Аудандық сараптау комиссиясының отырысында «Ертегілер әлемінде» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама №

« » тамыз 2021 жыл



## Пікір

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің құралы әдебиет, оның ішінде көркем әдебиеттің көне жанры – ертегі.

Ертегінің көркем де жеңіл тілі баланың қиялына канат бітіріп, арманын асқақтатып, еңбексүйгіштікке, адалдыққа, батылдыққа тәрбиелейді.

Сол себепті мектепке дайындық тобындағы балаларға ертегі оқу арқылы сөйлеуге, өз ойларын әдемі жеткізіп баяндауға, тыңдағанын есте сақтап, мазмұндап айтуды үйретуге қолға алып отырмыз.

Балалардың білуге құмарлығы зор. Олар құбылтып айтқан ертегі, әңгімені сүйсіне тыңдайды.

Ертегі оқу арқылы балалардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп, жағымсыз қасиеттерден аулақ болуға, ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне қорытынды жасай отырып, балаларды адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу. Балалардың дүниетанымын байыту, қоғамдық өмір туралы ұғымдарын кеңейту, эстетикалық сезімдерін ояту жүзеге асырылmaq.

Ертегі – ауыз әдебиетінің ықылым заманынан келе жатқан көне де мол мұрасы. Оның ертегі деп аталуының өзінен де, сол сияқты ертегілердің «Бұрынғы өткен заманда, ерте-ерте деп» басталуынан да оның атам заман туындысы екенін аңғару қиын емес. Ертегілерде халық басынан кешкен, ғасырлар жыры жатыр. Оларда еңбекші халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, елдік тарихы, қиын-қилы қиын асулары, халықтың арман-мұраты бейнеленген. Барлық елдің ауыз әдебиетінен мол орын алған және халықтың жазу-сызу өнері болмаған кезінде ауызша шығарған күрделі шығармасының бір түрі. Ертегілер көбінесе, қара сөз ретінде айтылатындықтан, оны халықтың ерте заманда шығарған көркем әңгімесін деп қараймыз. Әртүрлі ертегілер балалардың қызығушылықтарын арттырады және олардың тілдерін дамытады.

Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып баланың ой-өрісін дамыту, сонымен бірге тыңдай білуге, есте сақтау, түсіну, рөлге бөліп, қазақша әдемі сөйлей білу мәнерін арттырамыз.

Балалар театрының бірнеше түрлері бар:

Ойыншықтар театры – ең көп тараған түрі, бұнда балалар қысқа тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап-ақ кішкене көлемді спектакельдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды. Жіптің көмегімен бақарылатын қуыршақтарды – марионеткалар дейді. Оларды әр түрлі материалдардан жасайды. Жұмсақ ойыншықтарды да қолдануға болады. Мұндай ойыншықтар қозғалысқа ағаш таяқшалар арқылы келтіріледі, яғни екі айкастырылған ағаш арқылы жіп откізіліп ойыншыққа байланады. Қолмен қуыршақтарды басқарады. Театр қуыршағының биіктігі баланың биіктігіндей болады. Бала өзіне костюм, үлкен бетперде. Үлкен алақандар киінеді, олар тірі қуыршаққа ұқсайды. Өздері қуыршақты жасауға болады. Оның негізі болып үш бұрышты орамалды алуға болады. Бір бұрышын қуыршақтың басына, екі бұрыштарын резинка арқылы баланың саусақтарына бекітіледі. Қуыршақтың басына тесмалар қосады, ол қуыршақ пен жүргізушінің мойнына ілінеді. Бұл қуыршақтар балаларға әнмен, бимен, ойынмен көрсету арқылы шығармашылықтарын дамытады. Бұл балалардың өздерін еркін сезінуіне, өз күшіне сену білуге көмектеседі.

**Пікір беруші:** Мәртөк ауданы білім бөлімінің МДҰ әдіскері Шауменова М.А.



## Түсіндірме хат

Саусак театрында – саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең-такпақ шумағын саханалау болып табылады. Саусак театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусак ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс кимылына қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын кимылдата отырып, оң – солды ажыратады.

Үстел үстіндегі театры – сәбилер тобынан бастап-ақ такпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызығанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін стол үстіндегі театрды қолданған жөн. Мұнда үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш кедергісіз жүретін ойыншықтар қолданылады.

Үстел үстіндегі қуыршақтар театрдың бірнеше түрі бар:

- әр түрлі биіктегі конустан, цилиндрдан, қораптардан жасалған ойыншықтар;
- таяқшадан жасалған театр;

- «киндер - театры»;

- магнит театры;

- «мочалка театры»;

- үстел үстіндегі кейіпкерді тоқымадан немесе крЮчокпен тоқуға болады ( олар өздерінің формасын ұстағандай пластмас бутылкаларға кигізіп қояды);

- ағаш ойыншықтар, саздан жасалған ойыншықтар (дымковски ойыншықтар).

Суреттер (картиналар) театры – декорация мен кейіпкердің – суреттері. Олардың әрекеттері шектелген. Ойнаушының дауыс ырғағы (интонация) арқылы кейіпкердің мінез-құлқы беріледі. Кейіпкер әрекет барысында пайда болады, балалардың қызығушылығын арттырады.

Фланелеграф театры – суреттер мен кейіпкерлер экранда көрсетіледі. Оларды фланельдер ұстап тұрады. Мұндағы суреттерді балалар мен бірге ескі кітаптардан, журналдардан қиып алуға болады.

Көленкелі театр – жарық өте жақсы түскен экранда адамдар, жануарлар және құстардың пішіндерінің қозғалысына қарауды балалар өте жақсы көреді. Ертегі, әңгіме, өлең, әндерді көленке театры арқылы айтуға болады. Көленке театрдың қойлымын көрсетуге үш тәрбиеші қатысады. Біреуі мазмұнын оқиды, екеуі көріністі көрсетеді. Көленке театрдың сақанасы экран болады. Экранды ағаштан немесе қалың кардоннан жасайды, ою- өрнекпен өрнектейді. Кейіпкерлерді көрсету үшін – оны экранның арт жағынан ұстайды. Кейіпкерлерді қара түспен жуқа кардоннан жасайды, жіп арқылы қозғалтады. Кейіпкерлерді көрсеткенде қол көрінбеу керек. Бұл көріністер балалардың шығармашылықтарын арттырады, ой өрістері дамытады.



## Өткізілетін театр түрлері

- **Ойыншық театры** – балалар ертегідегі кейіпкерлер бейнесіне қуыршақтарды пайдаланып, қойылым жасайды.
- **Саусақ театры** – саусақтардың көмегімен ертегіні сахналайды. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген ынтасы, қабілеті дамып, шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақтардың қозғалыс қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөз айтуға тырысады. Екі қолдарын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді, бағдарлауды үйренеді.
- **Үстел-үсті театры** – үстелде құламай тұратын және қозғалтқанда еш келергісіз жүретін ойыншықтар қолданады. Үстел-үсті театрының: әр түрлі биіктегі қорықтан, цилиндрдан, қораптардан жасалған ойыншықтар, таяқшадан жасалған театр, «киндер-театр», тұғырларға кигізілген тоқымадан жасалған театр, ағаш ойыншықтар, саздан жасалған ойыншықтар театры түрлері қолданылады.
- **Фланелеграф театры** – суреттер мен кейіпкерлер бейнесі арнайы фланелеграф арқылы көрсетіледі. Мұнда суреттерді фланельдер ұстап тұрады.
- **Трафарет театры** – балалар дайын трафареттің көмегімен болашақ кейіпкерлердің суреттерін жасайды. Оларды түрлі-түсті бояулармен бояйды, дайын бейнесерді қайшымен қиып дайындайды және осы жұмыстар арқылы балалардың шығармашылық ойлау қабілеттері дамиды.
- **Көлеңке театры** – ертегі көлеңке театры арқылы көрсетіліп әңгімеленеді. Жарық өте жақсы түскен экранда адамдар, жануарлар мен құстардың пішіндерінің қозғалышына қарауды балалар өте жақсы көреді. Көлеңке театрының сахнасы экран болады. Экран ағаштан немесе қалың кардоннан жасалынылып, безендіріледі. Кейіпкерлерді ара түспен жұқа кардоннан жасайды және кейіпкерлер экранның арт жағынан көрсетіледі.
- **Сахналық қойылым (Театрландырылған ойындар)** – өздеріне таныс ертегі мазмұнымен толық танысып, талдап, кейіпкер ретінде қатысады. Балалар рөлді ойнау арқылы өз кейіпкерін көз алдына елестетіп қана қоймай, оның әрекетін, сезімдерін сезінеді. Қойылымға қажетті құралдар дайындалып, сахнаға ертегі мазмұнына байланысты безендіру жұмыстары жүргізіледі.



**Максаты:**

Сахналық қойылымдар арқылы балалардың шығармашылығын дамыту.

**Міндеттері:**

1. Ертегі мазмұнын сахналау арқылы 4-5 жастағы балалардың тіл байлығын жетілдіру;
2. Дауыс ырғағы арқылы ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлықтарын көрсете білуге үйрету;
3. Әр-түрлі рөлдерге ойнай білу қызығушылығын дамыту;
4. Басқа балалармен ұжымдық қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру;
5. 4-5 жастағы балаларды сахна мәдениетіне тәрбиелеу.

**Мазмұны:**

- Бір-бірімен қарым-қатынасқа түсетін 2-3 рөлдік қойылымдарға қатысу
- Балалардың арман, қиялдарын дамытатын көріністер
- Көркемдік образдық бейнелеу құралдарын: екіпін, ым, ишара, жүріс-тұрысты пайдалану
- Ертегілер мен әдеби шығармаларды сахналау

**Күтілетін нәтиже:**

- Театр, оның түрлері туралы түсініктері қалыптасады.
- Қазақ тіліндегі сөздік қоры молаяды.
- Диалог бойынша сөйлесу арқылы тіл мәдениетін жетілдіріледі.

### Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты
2. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Зерек бала» бағдарламасы
3. Қазақ ертегілер жиынтығы  
Алматы «Балауса баспасы» 2003 жыл
4. Ертегілер елінде  
Алматы «Аруна Ltd»
5. Кел, балалар, оқылық  
Алматы «Дәуір кітап»
6. Ш.Перроның ертегілері  
Алматы «Проф-Пресс» баспасы
7. Сөйлейтін кітап «Әлем ертегілері»  
Алматы «Тәлім-Таным» ЖШС
8. Р.Тұрысбек, З.Сейтжанова  
Жануарлар туралы ертегілер  
Алматы «Аруна» баспасы
9. Қ.Құрманғали  
Орыс халық ертегілері  
Алматы «Жалын» баспасы
10. М.Мақашева  
Әйбағ ертегілер  
Алматы «Аруна» баспасы



## Ересек тобы

№	Мазмұны	Сағат саны	Өтілу түрі	Мақсаты	Көрнекілігі
Қыркүйек	«Күшік досын қалай тапты» ертегісі	1	Үстел -үсті театры	Балалар ертегі тыңдайды ,түсінеді. Үлгі бойынша шағын ертегілерді айта алады.	Ертегі мазмұны бойынша безендірілген үстел-үсті театры, жылжымалы күшік, қоян, түлкі, қасқыр, қонжық, бала, үй макеттері және т.б. көрнекіліктер
	«Күшік досын қалай тапты» ертегісін сахналау	1	Сахналық қойылым	Кейіпкерлердің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағын қолдана біледі. Ұсынылған мазмұн бойынша сахналай алады.	Эстетикалық талапқа сай безендірілген сахна : орман бейнесі, орманшының үйі, күшік, қоян, түлкі, қасқыр, қонжық, баланың киімдері, ұнтаспа және т.б. көрнекіліктер
	«Үйшік» ертегісі	1	Қуыршақ театры	Қуыршақ театры арқылы. ертегіні тыңдайды түсіне алады. Ертегі желісін ретімен айта алады	Әсем әрі ертегі мазмұнына сай безендірілген қуыршақ театрының ширмасы. Тышқан, бақа, қоян, қасқыр, көбелек, тиын, түлкі және аюдың қуыршақ театрына арналған бейнесі. Ертегі мазмұнына сай әуендер және т.б. көрнекіліктер
	«Үйшік» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Ұсынылған мазмұн бойынша сахналай біледі. Ертегі желісін ретімен сахналай алады.	Эстетикалық талапқа сай безендірілген сахна: құрастырылмалы үйдің, ағаш шөптердің макеті, тышқан, бақа, қоян, қасқыр, көбелек, тиын, түлкі және аюдың киімдері, ұнтаспа, т.б. көрнекіліктер
Қазан	«Көкөністер айтысы» ертегісі	1	Конус театры	Конус театры арқылы ертегіні тыңдай біледі. Жалпы мағыналас сөздерді қолдана алады.	Ертегі мазмұнына сай безендірілген үстел-үсті театры. Бау-бақшаның, қоршаудың, жеміс ағаштарының жылжымалы конус макеттері және т.б.



					көрнекіліктер
	«Көкөністер айтысы» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Ертегі кейіпкерлерінің жағымды және жағымсыз қасиеттерін ажырата алады. Театрландырылған әрекеттерге белсене қатыса біледі.	Эстетикалық талапқа сай безендірілген сахна: бау-бақша, қоршаудың, жеміс ағаштарының макеттері. Көкініс бейнелерінің киімдері. Ертегі мазмұнына сәйкес әуендер және т.б. көрнекіліктер
	«Түлкі мен тырна» ертегісі	1	Саусак театры	Ертегі кейіпкерлерінің әрекетіне өздерінің көзқарасын білдіре алады. Ертегіні мазмұндай біледі.	Саусак театрына арналған ертегі кейіпкерлерінің бейнелері
	«Түлкі мен тырна» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Сахналау кезінде түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстай біледі. Ертегі желісін ретімен орындайды.	Ертегі мазмұнына сай безендірілген сахна: орман ағаштары мен шөптер, көлдің макеттері, түлкінің, тырнаның безендірілген үйлері, құмыра мен тарелка ыдыстары, тырна мен түлкінің костюмдері, ертегі мазмұнына сай әуендер
Қараша	«Дос іздеген бота» ертегісі	1	Фланелегр аф арқылы қойылым	Ертегілерді эмоционалды қабылдай біледі. Кейіпкерлердің қылықтарын бағалай алады.	Фланелеграф, ертегі мазмұнын бейнелейтін, суреттер және т.б. көрнекіліктер
	«Дос іздеген бота» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драммалай алады. Құрдастарымен қарым-қатынасын көрсете біледі.	Эстетикалық талапқа сай безендірілген сахна: үйдің, қораның макеттері, гүлдер мен шөптер, түйе, күшік, бота, мысық, қозы, әтеш, лақ, араның киімдері, ертегі кейіпкерлерінің қимылына сай жетекші әуендер және т.б. көрнекіліктер



	«Түлкі мен ешкі» ертегісі	1	Саусак театры	Жануарларды таниды, аттарын атай алады. Ертегінің мазмұнын айта біледі.	Саусак театрына арналған түлкі мен ешкінің бейнелері
	«Түлкі мен ешкі» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Ұсынылған үлгі бойынша сахналай алады. Барлық дыбыстарды анық және қарқынды дыбыстай біледі.	Эстетикалық талапқа сай безендірілген сахна: шөптер мен талдар, құдық макеті, түлкі мен ешкі бейнесіндегі киімдер, ертегі мазмұнына байланысты әуендер және т.б. көрнекіліктер
Желтоқсан	Төлдер айтысы ертегісі	1	Көленке театры	Жануарлар және олардың төлдерінің атауларын біледі. Кейіпкерлердің қылықтарын бағалай алады.	Көленке театрына арналған жарық түсіретіні бар безендірілген экран. Қара түспен боялған жұқа кардоннан жасалған ертегі кейіпкерлері
	Төлдер айтысы ертегісі	1	Сахналық қойылым	Театрландырылған қойылым барысында достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсете біледі.	Ертегі мазмұнына сай безендірілген сахна. Үй ауласы, қора макеті, төлдердің бейнесіндегі киімдер, ертегі қойылымына керекті әуендер
	«Үш аю» ертегісі	1	Қолғап театры	Ертегі кейіпкерлерінің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіре алады. Ертегі желісін ретімен айта алады.	Ертегі мазмұнына сай безендірілген үстел-үсті театры: орман, аю үйшігі, ертегі кейіпкерлері бейнеленген қолғаптар және т.б. көрнекіліктер
	«Үш аю» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстай біледі. Сахнаны бағдарлай біледі.	Эстетикалық талапқа сай ертегі мазмұны бойынша безендірілген сахна: орман, аю үйшігі, үй іші жабдықтары, ертегі кейіпкерлерінің киімдері, ертегі мазмұнына сай әуендер және т.б. көрнекіліктер
	«Түлкі мен бөдене» ертегісі	1	Саусак театры	Ертегінің эмоционалды қабылдай алады, кейіпкерлерге жанашырлық таныта біледі.	Саусак театрына арналған ертегі кейіпкерлерінің бейнесі



Қантар	«Түлкі мен бөдене» ертегісі	1	Драматизациялау	Таныс сюжет бойынша ертегілерді драммалай біледі.	Ертегі желісіне сай жасалынған атрибуттар
	«Түлкіні алдаған шал» ертегісі	1	Үстел-үсті театры	Өз ойын құрдастарының ортасында білдіріп, басқалардың пікірін тыңдай біледі. Ертегі желісін ретімен әңгімелей алады.	Ертегі мазмұнына сай безендірілген үстел-үсті театры, жылжымалы даланың, қоралардың макеттері, шал, кемпір, қасқыр, түлкі кейпін бейнелейтін жылжымалы бейнелер
	«Түлкіні алдаған шал » ертегісі	1	Сахналық қойылым	Таныс шығармаларды атай алады. Кейіпкерлердің дауысы мимикасы арқылы сахналай біледі.	Эстетикалық талапқа сай ертегі мазмұнына байланысты безендірілген сахна: дала, қора бейнеленген макеттер. Ертегі кейіпкерлерінің киімдері: түлкі, қасқыр, шал кемпір және ертегі мазмұнына сай әуендер
Ақпан	«Күшік пен мысық» ертегісі	1	Қуыршақ театры	Таныс шығармаларын атай алады. Кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіре алады.	Безендірілген қуыршақ театрының ширмасы: жылжымалы ормандағы ағаштардың макеттері, гүлдер, қуыршақ кейіпкерлері, ертегі мазмұнына сай әуендер
	«Күшік пен мысық» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Театрландырылған әрекеттің түрлі жұмыс тәсілдерін біледі. Ертегі желісін ретімен орындайды.	Эстетикалық талапқа сай безендірілген сахна: ормандағы ағаштардың макеттері, гүлдер, күшік, мысық, қасқыр, түйе, костюмдері, ертегі мазмұнына сай әуендер
	«Түлкі мен қырғауыл» ертегісі	1	Үстел-үсті –конус театры	Шығармаларды суреттерден мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере біледі. Ертегіні мазмұнын эмоциямен қабылдай біледі.	Ертегі мазмұны бойынша безендірілген үстел-үсті театры, жылжымалы қырғауыл, түлкі, ағаш макеттері және т.б. көрнекіліктер



	«Түлкі мен қырғауыл» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Театрандырылған қойылым барысында жұбымен келісе отырып, сезім ығағы мен қозғалыс үйлесімін сақтай біледі.	Ертегі мазмұны бойынша безендірілген сахна, ағаш, гүлдер макеттері. Қырғауыл, түлкі, иттің киімдері
Наурыз	«Алдар көсе мен Шықберме с Шығайбай» ертегісі	1	Үстел-үсті театры	Ертегі желісін ретімен орындайды. Сюжеттер бойынша ертегілерді драммалайды.	Ертегі мазмұнына сай безендірілген үстел-үсті театры: жылжымалы қараша үй макеті және үй жиһаздары, кейіпкерлердің жылжымалы суреттері
	«Алдар көсе мен Шықберме с Шығайбай» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Театрландырылған қойылым барысында ересектермен және құрдастарымен өзара әрекет ете алады.	Ертегі мазмұнына сай безендірілген сахна: жылжымалы қараша үй макеті және үй жиһаздары, кейіпкерлердің киімдері
	«Қорыққанға қос көрінеді» ертегісі	1	Үстел-үсті театры	Ертегі кейіпкерлерінің әрекетіне өздерінің көзқарасын білдіре алады. Ертегіні мазмұндай біледі.	Ертегі желісі бойынша безендірілген үстел-үсті театры: әже, немересі, тауық, тышқанның жылжымалы үстел үстіне арналған макеттері және т.б. көрнекіліктер
	«Қорыққанға қос көрінеді» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Сахналау кезінде түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстай біледі. Ертегі желісін ретімен орындайды.	Ертегі мазмұнына сай безендірілген сахна: үйдің макеті және үй жиһаздары, әже, немере, тауық, тышқанның костюмдері, ертегі мазмұнына сай әуендер
	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі	1	Конус театры	Шығармаларды суреттерден мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере біледі. Ертегіні мазмұнын эмоциямен қабылдай біледі.	Конус театры: ертегі мазмұнына сай ағаштар, қоралар, шөптердің бейнелері, кейіпкерлер бейнеленген жылжымалы конустар
Сәуір	«Жыл басына таласқан	1	Сахналық қойылым	Театрандырылған қойылым барысында жұбымен келісе	Ертегі мазмұнына сай безендірілген сахна: ағаштар, қоралар,



	хайуанатта р» ертегісі			отырып, сезім ығағы мен қозғалыс үйлесімін сақтай біледі.	шөптердің бейнелері, ертегі кейіпкерлерінің костюмдері, кейіпкерлердің іс- қимылдарына байланысты әуендер
	Орыс халық ертегісі «Жабайы қаздар»	1	Қуыршақ театры	Балалар ертегі тындайды ,түсінеді. Үлгі бойынша шағын ертегілерді айта алады.	Безендірілген қуыршақ театрының ширмасы: құрастырмалы үйдің макеті,орман бейнелерінің макеттері, пеш, ағаштар мен алма ағашы, мыстан кемпірдің үйшігі, кейіпкерлердің қуыршақтары, ертегі мазмұнына байланысты әуендер
	Орыс халық ертегісі «Жабайы қаздар»	1	Сахналық қойылым	Кейіпкерлердің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағын қолдана біледі. Ұсынылған мазмұн бойынша сахналай алады.	Безендірілген қуыршақ театрының ширмасы: құрастырмалы үйдің макеті, орман бейнелерінің макеттері, пеш, ағаштар мен алма ағашы, мыстан кемпірдің үйшігі, кейіпкерлердің қуыршақтары, ертегі мазмұнына байланысты әуендер
Мамыр	«Қасқыр мен кісі» ертегісі	1	Фланелегр аф	Ертегі кейіпкерлерінің әрекетіне өздерінің көзқарасын білдіре алады. Ертегіні мазмұндай біледі.	Фланелеграф, ертегі мазмұнына байланысты кейіпкерлердің суреттері
	«Қасқыр мен кісі» ертегісі	1	Сахналық қойылым	Сахналау кезінде түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстай біледі. Ертегі желісін ретімен орындайды.	Эстетикалық талапқа сай ертегі мазмұнына байланысты безендірілген сахна: егін даласы бейнеленген макеттер, қап, күріш үгетін таяқшалар ертегі кейіпкерлерінің киімдері: түлкі, қасқыр, ертегі мазмұнына сай әуендер



	Балалар қалауы бойынша ертегілер (қайталау)	1	Еркін	Таныс бірнеше шығармаларды атай алады. Кейіпкерлердің әрекеттеріне өздерінің көзқарастарын білдіреді.	Балалар қалауы бойынша алынған ертегілерге қажетті көрнекіліктер
	Балалар қалауы бойынша ертегілер (қайталау)	1	Еркін	Таныс шығармаларды атай алады. Кейіпкерлердің дауысы мимикасы арқылы сахналай біледі.	Балалар қалауы бойынша алынған ертегілерге қажетті көрнекіліктер
	<b>Барлығы</b>	<b>36 сағат</b>			